

«№39 қазақ орта жалпы білім беру мектебі» КММ бойынша

педагогикалық кеңесінің

№ 4 ХАТТАМАСЫ

Ақтөбе қаласы

02.05.2024 жыл.

Қатысқандар саны – 88

Дәлелді себеппен қатыспағандар -2

Күн тәртібінде:

1. Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің басшысының 2024 жылғы 20-ақпандағы №89 бұйрығымен №39 қазақ орта жалпы білім беру мектебінің ұжымын хабардар ету

Мектеп директоры А. Кисикова

2. Білім беру ұйымын мемлекеттік аттестаттау шеңберінде өзін-өзі бағалауды ұйымдастыруда жұмысшы құрамын бекіту

Мектеп директоры А. Кисикова

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директоры А. Кисикова №39 қазақ орта жалпы білім беру мектебінің директоры бағалаудың өлшемшарттарын ұжымға таныстырды.

1. Білім беру ұйымының білім беру қызметін өзін-өзі бағалауы «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 59-бабының, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулық», «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары» Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығы негізінде жүргізіледі.

2. Білім беру ұйымдарын өзін-өзі бағалау ұсынылатын білім беру қызметтерінің Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен (ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022 ж. №406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының» (бұдан әрі-МЖМБС) жалпы талаптарының сәйкестігі бағаланады.

3. Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген бағалау өлшемшарттарының 7,8,9,10,11,12,13-қосымшалары толтырылады.

кешіктірмей №39 қазақ орта жалпы білім беру мектебінің интернет ресурстарында орналастырады.

5. Өзін-өзі бағалау кезіндегі құжаттар:

- педагогикалық кеңес көшірмесі;
- өзін-өзі бағалау бойынша комиссия құрамы туралы бұйрық;
- оқушылар контингентінің құрамы;
- өткен екі оқу жылы мен ағымдағы оқу жылының құжаттары (оқу жоспарлары, сабақ кестелері, қорытынды аттестаттау хатаммалары, т.б.)
- 4, 9-сыныптардың білім алушыларының кешенді тестілеу қорытындысы;
- Білім алушылардың, педагогтердің, ата – аналардың сауалнама нәтижелері;
- Өзін – өзі бағалау қорытындысы;
- Өзін – өзі бағалау қорытындысы қаралған педагогикалық кеңес көшірмесі;

6. Білім беру ұйымы қызметінің нәтижелерін бағалау үшін білім беру қызметтерін көрсету сапасының төмендегідей деңгейі белгіленген:

- үлгілі – 55 – тен 65 балға дейін;
- жақсы – 45 – тен 54 балға дейін;
- жақсартуды қажет етеді – 35 – тен 44 балға дейін;
- төмен – 35 балдан төмен.

7. Оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттары келесі нақты өлшеуіштерге сәйкес жүзеге асырылды:

- 1) оқыту нәтижелеріне бағалау 4,9 – сыныптардың білім алушылары арасында білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған тестілеу мәселелері жөніндегі ұйым әзірлеген компьютерлік форматтағы кешенді тестілеу технологиясы бойынша жүргізіледі;
- 2) компьютерлік тестілеу білім беру саласындағы уәкілетті органның ведомствосы және оның аумақтық бөлімшелері лауазымды тұлғаларының байқаушы ретінде қатысуымен жүзеге асырылады;
- 3) оқыту нәтижелерін бағалау кезінде білім алушыларға өз білімдері, іскерліктері мен дағдыларының деңгейін көрсету үшін бірыңғай жағдайлар мен тең мүмкіндіктер жасалады;
- 4) компьютерлік тестілеу контингенттің тізімдік құрамынан білім алушылардың төменінде 90% -ы қатысқан кезде жүргізіледі.
- 5) бастауыш, негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының білім алушылары үшін компьютерлік тестілеу кезіндегі бағалау шәкілі (пайыздық қатынаста) мынадай түрде айқындалады:
«өте жақсы» - 85 - 100%;
«жақсы» - 65 - 84%;
«қанағаттанарлық» - 40 – 64 %;

«қанағаттанарлықсыз» - дұрыс жауаптар емтихан материалындағы сұрақтар санынан 40% - дан төмен болғанда;

6) білім алушылардың дайындық деңгейін бағалау нәтижелері осы тармақтың 4) тармақшасында көрсетілген контингенттің тізімдік құрамынан төменінде 40% -дан төмен емес білім алушылардың «қанағаттанарлық» деген бағадан төмен емес дұрыс жауап бергені білім беру ұйымымен айқындалған жағдайда Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта білім беру стандартының талаптарына сәйкес келеді деп есептеледі.

7) Білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттарына «үлгілі»-5, «жақсартуды қажет етеді»-3, «төмен»-2 деңгейлерінің біріне сәйкес келетін өлшеуіштер және балл қолданылады.

8) Білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған нысан бойынша көрсетілетін білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін айқындау үшін білім беру саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелерінің қызметтері онлайн форматта сауалнама жүргізеді:

- мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында-педагогтер, мектепалды жастағы тәрбиеленушілердің ата-аналары (занды өкілдері);

- мектепалды жастағы топтар болмаса – ересек жастағы тәрбиеленушілердің ата-аналары (занды өкілдері); бастауыш, негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары іске асыратын білім беру ұйымдарында – педагогтер, 4,9 – сыныптардың білім алушыларына және олардың ата-аналарына (занды өкілдеріне); білім беру ұйымында білім алушыларымен және ата-аналарымен (занды өкілдері);

Сөйлеушілер: Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А. Уразалин, физика пәнінің мұғалімі С. Борисова, биология пәнінің мұғалімі Г. Алибаева, бастауыш класс мұғалімі Ж. Нотанова, тарих пәнінің мұғалімі Б. Диханова.

Қаулы:

1. №39 қазақ орта жалпы білім беру мектебінің ұжымы мемлекеттік аттестаттау ережелерімен және бағалау өлшемшарттарымен таныстырылсын.
2. №39 қазақ орта жалпы білім беру мектебінің өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және жүргізу үшін төмендегі құрамда жұмысшы тобы құрылсын:
 - 1) А. Кисикова – мектеп директоры, жұмысшы тобының төрағасы;
Құрамы:
 - 2) А. Уразалин – директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
 - 3) С. Есеналина – директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
 - 4) Г. Уразалина – директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
 - 5) Б. Батырғалиев – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
 - 6) С. Таяуова – директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
 - 7) М. Бердембаева – директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары;
 - 8) Н. Қонырова – кітапханашы мүшесі;
 - 9) А. Қыныртаева – кәсіподақ комитетінің мүшесі.

Кеңес төрағасы:

А.Кисикова

Хатшы:

Р. Мурзағалиева



«№39 қазақ орта жалпы білім беру мектебі» КММ бойынша

педагогикалық кеңесінің

№ 6 ХАТТАМАСЫ

Ақтөбе қаласы

31.05. 2024 жыл.

Қатысқандар саны – 88

Дәлелді себеппен қатыспағандар -2

Күн тәртібінде:

1. «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары» Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығын басшылыққа ала отырып өлшемшарттар талаптарына сәйкес жүргізілген өзін-өзі бағалау туралы аттестациялық комиссияның сараптама қорытындысы туралы
Мектеп директоры А. Кисикова

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директоры А. Кисикова №39 қазақ орта жалпы білім беру мектебінің директоры өзін-өзі бағалау туралы аттестациялық комиссияның сараптама қорытындысын ұжымға таныстырды.

1. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары» №486 бұйрығы, 2024 жылдың 2- мамырдағы өткен педагогикалық кеңестің №4 хаттамасы және 2024 жылғы 2- мамырдағы мектеп директорының «№39 қазақ орта жалпы білім беру мектебінің өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі комиссияны құру туралы» №142 бұйрығы негізінде мектептің өзін-өзі бағалауы жүргізіледі. Қорытындылары бойынша талдамалық анықтамалары жасалынды. Мектептің өзін өзі бағалауын төмендегі құрамда комиссия өткізді.

- 1) А. Кисикова – мектеп директоры, жұмысшы тобының төрағасы, бірінші санатты басшы;

Құрамы:

- 2) А. Уразалин – директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, педагог-зерттеуші;
- 3) С. Есеналина – директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, педагог-зерттеуші;
- 4) Г. Уразалина – директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
- 5) Б. Батырғалиев – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, педагог-зерттеуші;

- 6) С. Таяуова – директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, педагог-зерттеуші;
- 7) М. Бердембаева – директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары;
- 8) Н. Қонырова – кітапханашы, мүшесі;
- 9) А. Қыныртаева – кәсіподақ комитетінің мүшесі, педагог-зерттеуші.

Өзін-өзі бағалау кезеңінде комиссия келесі өлшемшарттар бойынша тексеру жүргізілді:

1-11 сыныптар бойынша:

2-параграф. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары:

12 тармақ 1,2,3,4,5,6,7,8,9,10 тармақшалары

13 тармақ 1,2,3 тармақшалары

14 тармақ 1,2,3,4 тармақшалары

15 тармақ 1,2 тармақшалары

1-параграф. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары

9 тармақ 1,2,3,4,5,6 тармақшалары

10 тармақ 1 тармақшасы

11 тармақ 1,2 тармақшалары

1) Білім беру ұйымының басшасымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі бойынша оқу жұмыс жоспарлары ұсынылып, сабақ кестелері bilimclass.kz электронды журналы арқылы қаралды. Норма талаптарға сай құрылған.

2) ҚР Білім және Ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру бойынша bilimclass.kz электронды журналы арқылы күнтізбелік-тақырыптық жоспарлардың орындалуы қаралды.

3) Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпы адамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру бойынша бекітілген тәрбие жұмыс жоспары ұсынылды.

4) Білім беру ұйымының бағаланатын кезең үшін қосымша сабақтардың әзірленген және бекітілген (үйірме, секциялар бойынша) штаттық кесте ұсынылды.

5) Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру бойынша оқу жұмыс жоспары мен bilimclass.kz электронды журналы арқылы қаралды.

6) Бағаланатын кезеңге ДҚК қорытындысы (үйден оқыту үшін) мен ПМПК қорытындысы (инклюзивті оқыту үшін) ұсынылды.

7) Бағаланатын кезеңге әзірленген және бекітілген вариативтік компоненттің сабақ кестесі bilimclass.kz электронды журналы арқылы қаралды.

8) «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсы игеру бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары bilimclass.kz электронды журналы арқылы қаралды.

9) «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсы іске асыру bilimclass.kz электронды журналы арқылы күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары қаралды.

9-қосымша. Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету, оның ішінде компьютердер, оқу зертханалары, оқу пәндері кабинеттері және техникалық оқу құралдары бар.

10-қосымша. Медициналық қызмет көрсету, оның ішінде медициналық пункттің болуы және медициналық қызметке берілген лицензия бар.

11-қосымша. «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын бекіту туралы «2021 жылдың 5 тамыздағы №ҚР ДСМ-76 бұйрығы, санитариялық қорытындысы бар, нормаға сай. Мектепте бейне бақылаулар орнатылған. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға жағдай жасалған.

12-қосымша. Мектеп кітапханасы бойынша оқу көркем және ғылыми әдебиеттер қорының тізбесі бар, интернет ресурсқа орналастырылады.

Сонымен қатар қорытынды аттестаттауға байланысты негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейінде оқу курсы үшін емтихан бұйрықтары, емтихан өткізу кестесі, емтихан хаттамасы және педагогикалық кеңес хаттамалары қаралды.

2) bilimclass.kz электронды журналы арқылы қалыптастырушы және жиынтық бағалаудың жүргізілуі, жылдық бағалардың шығарылуы қаралды.

Мектепке дейінгі білім беру

1) Мектепалды сыныбының оқу жұмыс жоспары ҰІӨ кестелері ұсынылды (толық нұсқасы қосымша тігілген)

Сөйлеушілер: Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А. Уразалин, биология пәнінің мұғалімі К. Каратаева, бастауыш класс мұғалімі Б. Садуақасова, математика пәнінің мұғалімі Б. Өтениязов, физика пәнінің мұғалімі А. Койшығарина.

Қаулы:

1. «№39 қазақ орта жалпы білім беру мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесінің сараптамалық комиссиясы жүргізген өзін-өзі бағалау туралы қорытынды анықтамасы қабылданып, қорытынды бағасы «қанағаттанарлық» деп танылсын.
2. Сараптамалық комиссия жүргізген өзін-өзі бағалау жұмыстарының қорытындысы бойынша «№39 қазақ орта жалпы білім беру мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесі аттестациялауға ұсынылсын.

Кеңес төрағасы:

Хатшы:



А.Кисикова

Р. Мурзағалиева